ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ПОЛИВИНИЛХЛОРИД ОҚШАУЛАУЛЫ ЖӘНЕ ҚАПТАМАЛЫ ИІЛГІШ КАБЕЛЬДЕР

Жалпы техникалық шарттар

КАБЕЛИ ГИБКИЕ С ПОЛИВИНИЛХЛОРИДНОЙ ИЗОЛЯЦИЕЙ И ОБОЛОЧКОЙ

Общие технические условия

ҚР СТ 2338-2013

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ПОЛИВИНИЛХЛОРИД ОҚШАУЛАУЛЫ ЖӘНЕ ҚАПТАМАЛЫ ИІЛГІШ КАБЕЛЬДЕР

Жалпы техникалық шарттар

ҚР СТ 2338-2013

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және МТК 518 «Металлургиялық өндірісте ылғал мөлшерін өлшеу құралдары» стандарттау жөніндегі мемлекетаралық техникалық комитеті («Қазчерметавтоматика» АҚ) **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2013 жылғы 25 қазандағы №503-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-II «Техникалық реттеу туралы» және 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-I «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы заңдарының ережелері іске асырылған

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2018 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттары» сілтемесінде, ал өзгерістер мәтіні – ай сайынғы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары» ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандартты қайта қараған немесе ауыстырған (жойған) жағдайда, тиісті ақпарат «Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары» ақпараттық сілтемесінде жарияланатын болады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1 Қолданылу саласы 1
2 Нормативтік сілтемелер..... 1
3 Терминдер мен анықтамалар..... 4
4 Жіктеу 5
5 Техникалық талаптар 6
6 Қабылдау ережесі..... 17
7 Бақылау әдістері..... 20
8 Тасымалдау және сақтау..... 25
9 Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар..... 26
10 Дайындаушы кепілдіктері..... 26
А қосымшасы (ақпараттық) Кабельдердің маркалары, атауы және қолданудың басым салалары..... 27
Б қосымшасы (ақпараттық) Тарамдардың номинал қимасының саны және ауқымы, кабельдердің номинал кернеуі, тарам класы 29
В қосымшасы (ақпараттық) ПП типті өрт қауіптілігі төмен поливинилхлоридті пластикат 30
Г қосымшасы (ақпараттық) Сауытталған кабельдердің сыртқы қаптамасының номинал қалыңдығы 31
Библиография 32

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ПОЛИВИНИЛХЛОРИД ОҚШАУЛАУЛЫ ЖӘНЕ ҚАПТАМАЛЫ ИІЛГІШ КАБЕЛЬДЕР
Жалпы техникалық шарттар

Енгізілген күні 2014.07.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт поливинилхлорид оқшаулаулы және қаптамалы иілгіш кабельдерге (бұдан әрі - кабельдер) таралады және құрастырылымға, стационарлық емес төсеуде қолданылатын 1000 В дейінгі тұрақты кернеуде немесе күш беретін тізбектерде (660 В және 1000 В) және 60 Гц дейінгі жиілікті айнымалы токтың 660 В дейінгі кернеуі кезінде станоктардағы және механизмдердегі бақылау және басқару тізбектерінде электр қуатын беруге және таратуға арналған кабельдердің техникалық сипаттамаларына қойылатын талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ МЭК 60331-21-2010 Жалын әсері жағдайларында электр кабельдерін сынау. Жұмыс қабілетін сақтау. 21-бөлік. Әдістемелер мен талаптар. Номинал кернеуі 0,6/1,0 кВ дейінгі (қоса алғанда) кабельдер.

ҚР СТ МЭК 60332-1-2-2010 Жалын әсері жағдайларында электрлік және талшықты-оптикалық кабельдерді сынау. 1-2-бөлік. Жалғыз оқшауланған сымды немесе кабельді жалынның тік тарауына сынау. Газдарды алдын-ала араластырып қуаты 1 кВт жанарғы жалынымен сынауды жүргізу.

ҚР СТ МЭК 60332-1-3-2010 Жалын әсері жағдайларында электрлік және талшықты-оптикалық кабельдерді сынау. 1-3-бөлік. Жалғыз оқшауланған сымды немесе кабельді жалынның тік тарауына сынау. Жанып тұрған тамшылардың/бөлшектердің түзілуіне сынауды жүргізу.

ҚР СТ МЭК 60332-3-21-2010 Жалын әсері жағдайларында электрлік және талшықты-оптикалық кабельдерді сынау. 3-21-бөлік. Тік күйде байламмен қойылған сымдарды немесе кабельдерді жалынның тік тарауына сынау. A F/R санаты.

ҚР СТ МЭК 60332-3-23-2010 Жалын әсері жағдайларында электрлік және талшықты-оптикалық кабельдерді сынау. 3-23-бөлік. Тік күйде байламмен қойылған сымдарды немесе кабельдерді жалынның тік тарауына сынау. В санаты.

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.044-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Заттар мен материалдардың өрт-жарылыс қауіптілігі. Көрсеткіштер номенклатурасы және оларды айқындау әдістері.

ГОСТ 12.1.005-88 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс аймағының ауасына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар.

ГОСТ 12.2.007.0-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электротехникалық бұйымдар. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.2.007.14-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Кабельдер және кабельдік темір арқау. Қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.3.008-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Металл және бейметалл бейорганикалық жабындар өндірісі. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.4.011-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс істеушілерді қорғау құралдары. Жалпы талаптар және жіктеу.

ГОСТ 12.4.103-83 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Арнайы қорғаныш киім, аяқ пен қолды жеке қорғау құралдары.

ГОСТ 15.309-98 Өнімді әзірлеу және өндіріске шығару жүйелері. Шығарылатын өнімді сынау және қабылдау. Негізгі ережелер.

ГОСТ 17.2.3.02-78 Табиғатты қорғау. Атмосфера. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың зиянды заттардың рұқсат етілетін лақтырындыларын белгілеу ережесі.

ГОСТ 27.410-87 Техникаға сенімділік. Сенімділік көрсеткіштерін бақылау әдістері және сенімділікке бақылау сынақтары жоспары.

ГОСТ 427-75 Металл өлшеуіш сызғыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 618-73 Техникалық мақсаттарға арналған алюминий жұқалтыр. Техникалық шарттар.

ГОСТ 859-2001 Мыс. Маркалар.

ГОСТ 1173-2006 Мыс жұқалтыр, таспалар, табақтар мен тақталар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 2990-78 Кабельдер, сымдар мен баулар. Кернеумен сынау әдістері.

ГОСТ 3345-76 Кабельдер, сымдар мен баулар. Электрлік тежеу кедергісін айқындау әдісі.

ГОСТ 3559-75 Кабельдерді сауыттауға арналған болат таспа. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5151-79 Электр кабельдерге және сымдарға арналған ағаш барабандар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5960-72 Оқшаулауға және сымдар мен кабельдердің қорғаныш қабықшаларына арналған поливинилхлоридті пластикат. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7229-76 Кабельдер, сымдар мен баулар. Токөткізгіш тарамдар мен өткізгіштердің электр кедергісін айқындау әдісі.

ГОСТ 10354-82 Полиэтилен үлдір. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12177-79 Кабельдер, сымдар мен баулар. Құрастырылымды тексеру әдістері.

ГОСТ 12182.1-80 Кабельдер, сымдар мен баулар. Роликтер жүйесі арқылы көп еселік иілуге төзімділікті тексеру әдістері.

ГОСТ 12182.3-80 Кабельдер, сымдар мен баулар. Білікті есумен иілуге төзімділікті тексеру әдістері.

ГОСТ 15150-69 Машиналар, аспаптар және басқа техникалық бұйымдар. Түрлі климаттық аудандарға арналған орындаулар. Сыртқы ортаның климаттық факторларының әсер етуі бөлігіндегі санаттар, пайдалану, сақтау және тасымалдау шарттары.

ГОСТ 15845-80 Кабельдік бұйымдар. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 16272-79 Пластиктелген техникалық поливинилхлоридті үлдір. Техникалық шарттар.

ГОСТ 16962.1-89 Электротехникалық бұйымдар. Климаттық сыртқы әсер етуші факторларға төзімділікке сынау әдістері.

ГОСТ 18690-82 Кабельдер, сымдар, баулар және кабельдік темір арқау. Таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау.

ГОСТ 22483-77 Кабельдерге, сымдарға және бауларға арналған токөткізгіш мыс және алюминий тарамдар. Негізгі параметрлер. Техникалық талаптар.

ГОСТ 23286-78 Кабельдер, сымдар және баулар. Оқшаулаулар, қаптамалар қалыңдықтарының және кернеумен сынау нормалары.

ГОСТ 24234-80 Полиэтилентерефталатты үлдір. Техникалық шарттар.

ГОСТ 26883-86 Сыртқы әсер ететін факторлар. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ IEC 61034-2-2011 Берілген жағдайларда кабельдер жанған кезде түтіннің тығыздығын өлшеу. 2-бөлік. Сынау әдістемесі және талаптар.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттардың күшін ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын басып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш және ағымдағы жылда жарияланған ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіштер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер

сілтемелік құжат ауыстырмай жойылса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ГОСТ 15845, ГОСТ 26883 бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Поливинилхлоридті пластикат:** Хлорлы винилды пластификаторлармен, тұрақтандырғыштармен, толтырғыштармен және басқа құрауыштармен полимерлеуден алынатын поливинилхлоридті шайырдың (поливинилхлоридтің) қоспасы.

3.2 **Термиялық бөгет**: Өткізгішті екі шақпақ тастан тұратын таспалармен орау.

3.3 **Өрт қауіпсіздігі көрсеткіші**: Кабельдің өрт қауіпсіздігін құрайтын бір немесе бірнеше қасиеттің сандық сипаттамасы.

3.4 **Жануды таратпау:** Кабельдің немесе бірлестіре төселген кабельдер тобының тұтану көзі жойылғаннан кейін жануды өздігімен тоқтату қабілеті.

3.5 **Отқа төзімділік:** Кабельдің берілген уақыт ішінде жалын әсері кезінде жұмыс істеу қабілеті.

3.6 **Түтін түзілу:** Кабельдің жанған немесе бықсыған кезде түтін шығару қабілеті.

3.7 **Жануды таратпау бойынша кабельдер санаты:** тұтану көзі жойылғаннан кейін кабельдердің өздігімен жануы тоқтайтын, бірлесе төселген кабельдердің бейметалл элементтерінің нормаланатын жиынтық көлемімен сипатталатын кабельдер орындалуының белгіленуі.

ЕСКЕРТПЕ А F/R санаты - ҚР СТ МЭК 60332-3-21; А санаты - ГОСТ Р МЭК 60332-3-22; В санаты - ҚР СТ МЭК 60332-3-23.

3.8 **Нөлдік тарам:** Нөлдік жұмыс өткізгіш (N) функциясын атқаратын кабельдің оқшауланған токөткізгіш тарамы.

3.9 **Жерге қосу тарамы:** Нөлдік қорғаныш өткізгіш (PE) функциясын атқаратын кабельдің оқшауланған токөткізгіш тарамы.

3.10 **Тозу:** Кабельдің пайдаланушылық қасиеттерінің нашарлауына немесе оның істен шығуына алып келетін бір пайдаланушылық фактордың немесе пайдаланушылық факторлар жиынтығының әсер етуі нәтижесінен болған оқшаулаудағы, сыртқы қаптамадағы немесе кабельдің қорғаныш шлангысындағы кері қайтпайтын өзгерістердің жинақталу процесі.

3.11 **Экструзия:** Қалыптаушы бас арқылы олардың қорытпасын үздіксіз езу арқылы полимерлік материалдарды қайта өңдеу тәсілі, олардың шығыс арнасының геометриялық пішіні алынатын бұйымның немесе жартылай дайындалған өнімнің кескінін айқындайды.

4 Жіктеу

4.1 Кабельдер келесі нышандар бойынша жіктеледі:

4.1.1 Сыртқы қаптама және оқшаулау материалы бойынша:

- поливинилхлоридті пластикат, сондай-ақ өрт қауіптілігі төмен поливинилхлоридті пластикат, сондай-ақ жанғыштығы төмен поливинилхлоридті пластикат.....В.

4.1.2 Иілгіштік дәрежесі бойынша:

-иілгіш кабель .....КГ;

- иілгіштігі жоғары кабель .....КПГ.

4.1.3 Конструктивтік орындалысы бойынша:

- экранды .....Э;

- термиялық бөгетті.....FR.

4.1.4 Қорғаныш жабынының типі бойынша:

- жастықсыз.....б;

- болат немесе мырышталған таспалардан жасалған сауытты.....Б.

4.1.5 Өрт қауіпсіздігі көрсеткіштері бөлігіндегі орындалуы бойынша:

- жеке төсеген кезде жануды таратпайтын (орындаусыз);

- топтап төсеген кезде жануды таратпайтын .....нг:

A F/R санаты бойынша.....нг(A F/R);

A санаты бойынша ..... нг(A);

B санаты бойынша .....нг(B);

- топтап төсеген кезде жануды таратпайтын, түтін және газ бөлінісі төмен .....нг – LS;

- отқа төзімді, топтап төсеген кезде жануды таратпайтын, түтін және газ бөлінісі төмен .....нг-FRLS.

4.1.6 Токөткізгіш тарамдардың конструктивтік орындалысы бойынша:

- көп сымды .....м;

- дөңгелек.....к;

- қалайыланған.....л.

4.1.7 Климаттық орындалуы бойынша – ГОСТ 15150 бойынша.

4.2 Кабельдер осы стандартқа сәйкес келесі типтерге бөлінеді:

- поливинилхлоридті пластикаттан жасалған оқшаулаулы, сыртқы қаптамасы поливинилхлоридті пластикаттан жасалған кабельдер (жалпы өнеркәсіптік орындау);

- поливинилхлоридті пластикаттан жасалған оқшаулаулы, сыртқы қаптамасы жанғыштығы төмен поливинилхлоридті пластикаттан жасалған кабельдер («нг» орындалуы);

- өрт қауіптілігі төмен поливинилхлоридті пластикаттан жасалған оқшаулаулы, сыртқы қаптамасы өрт қауіптілігі төмен поливинилхлоридті пластикаттан жасалған кабельдер («нг-LS» орындалуы);

- өрт қауіптілігі төмен поливинилхлоридті пластикаттан жасалған сыртқы қаптамалы, оқшаулаулы, отқа төзімді кабельдер («нг-FRLS» орындалуы).

4.3 Кабельдің шартты белгіленуі

Кабельдің шартты белгіленуі төмендегілерді қамтуы тиіс:

1) К әрпін – кабель;
2) тарамдардың иілгіштік дәрежесін көрсететін әріпті;
3) оқшаулау материалын көрсететін әріпті;
4) құрастырылымның элементтерін көрсететін әріпті;
5) қорғаныш жабынды көрсететін әріпті;
6) қаптаманы көрсететін әріпті.

Тарамдар санын, олардың бойлық қимасының ауданын және конструктивтік ерекшеліктерді білдіретін сандар.

МЫСАЛ Поливинилхлоридті оқшаулаулы және 2,5 мм² қималы төрт тарамды қаптамалы мыс тарамды иілгіш кабель:

КГВВ 4х2,5 ҚР СТ...

5 Техникалық талаптар

5.1 Жалпы мәлімет

Кабельдер осы стандарттың, [1] және белгіленген тәртіпте бекітілген технологиялық құжаттардың талаптарына сәйкес әзірленген болуы қажет.

Климаттық орындау УХЛ немесе В, орналастыру санаты 3; 4; 5 немесе 4; 5 сәйкесінше ГОСТ 15150 бойынша.

5.2 Маркалар және өлшемдер

5.2.1 Кабельдердің маркалары, аталуы және қолданудың басым салалары А қосымшасында келтірілген.

5.2.2 Тарамдардың номинал қималарының саны мен ауқымы, кабельдердің номинал кернеуі Б қосымшасында келтірілген.

5.3 Құрастырылымға қойылатын талаптар

5.3.1 Токөткізгіш тарамдар

5.3.1.1 Материал

Токөткізгіш тарамдар көп сымды болуы қажет және ГОСТ 859 бойынша М00, М1 класты қалайыланған немесе қалайыланбаған жұмсақ мыстан дайындалуы тиіс.

Термиялық бөгет шақпақ тастан тұратын таспалардан дайындалуы қажет.

5.3.1.2 Құрастырылым

Токөткізгіш тарамдардың құрастырылымы осы стандарттың және ГОСТ 22483 талаптарына сәйкес келуі тиіс (КГ - 4; 5 класс, КПГ - 5 класс) (Б қосымшасын қараңыз).

Отқа төзімді кабельдердің токөткізгіш тарамдарының үстінен шақпақ тастан тұратын таспаларды қамтитын термиялық бөгет салынуы тиіс.

Термиялық бөгеттің құрастырылымы шақпақ тастан тұратын таспалардың екі қабатымен орау түрінде жасалуы тиіс. Таспалардың қалыңдығы 0,12 мм кем болмауы керек.

Барлық қималардың бір тарамды және көп тарамды кабельдерінің токөткізгіш тарамдары дөңгелек пішінді болуы қажет.

Екі тарамды кабельдер біркелкі қималы тарамдардан тұруы қажет.

Үш, төрт және бес тарамды кабельдердің барлық тарамдары біркелкі қималы немесе бір тарамы (жерге қосу немесе нөлдік тарамы) қысқа қималы болуы керек.

Алты тарамды кабельдер тең қималы төрт тарамды және қысқа қималы екі тарамды қамтуы керек.

Нөлдік тарамдардың (қысқа қималы) және жерге қосу тарамдарының номинал қималары 1-кестеге сәйкес болуы керек.

1-кесте

Тарамның атауы	Тарамның номинал қимасы, мм^2														
Негізгі	1,5	2,5	4	6	10	16	25	35	50	70	95	120	150	185	240
Нөлдік тарам	1,5	1,5	2,5	4	6	10	16	16	25	35	50	70	70	95	120
Жерге қосу тарамы	1,0	1,5	2,5	2,5	4	6	10	16	16	25	35	35	50	50	70

Кабельдегі тарам саны мен тарамның номинал қимасы 2-кестеде көрсетілген мәндерге сәйкес болуы қажет.

2-кесте

Кабельдің маркасы	Тарамның номинал қимасы, мм²																	
	0,5	0,75	1	1,5	2,5	4	6	10	16	25	35	50	70	95	120	150	185	240
	Кабельдегі тарамдар саны																	
КТВВ; КТВВЭ, КТВВнг, КТВВЭнг	2; 3; 4; 5; 7; 10; 14; 19; 24; 27; 30; 37; 48; 52; 61				2; 3; 4; 5; 7; 10; 14; 19; 24; 27; 37	2, 3; 4; 5; 7; 10												
КТВЭВ; КТВЭВнг-LS; КТВВнг-LS		2, 3, 4, 5, 6, 7, 10, 12, 14, 19, 27, 37, 48, 52, 61				2, 3, 4, 5, 7,			1, 2, 3, 4, 5									
КПГВВ; КПГВВнг-LS; КПГВВнг-FRLS				1, 2, 3, 4, 5														
КТВБбВ; КТВБбВнг-LS; КТВЭВнг-FRLS; КТВВнг-FRLS; КТВБбВнг-FRLS	3, 4, 5, 7, 10, 14, 19, 24, 27, 30, 37, 48, 52, 61	3, 4, 5, 10, 14, 19, 24, 27, 30, 37, 48, 52, 61	7, 10, 14, 19, 24, 27, 30, 37, 48, 52, 61	1, 2, 3, 4, 5, 7, 10, 19, 24, 27, 30, 37, 48, 52, 61		1, 2, 3, 4, 5, 7			1, 2, 3, 4, 5									

Кабельдердің токөткізгіш тарамдарына оқшаулау салынуы тиіс.

5.3.2 Оқшаулау

5.3.2.1 Материал

Оқшаулау ГОСТ 5960 бойынша поливинилхлоридті пластикаттан немесе В қосымшасы бойынша өрт қауіптілігі төмен поливинилхлоридті пластикаттан жасалған болуы қажет.

5.3.2.2 Құрастырылым

Кабельдерді оқшаулаудың номинал қалыңдығы 3-кестеге сәйкес.

3-кесте

Номинал кернеу, В	Тарамның номинал қимасы, мм^2	Оқшаулаудың номинал қалыңдығы, мм
660	0,5; 0,75; 1,0; 1,5; 2,5	0,6
	4; 6	0,7
	10; 16	0,9
	25; 35	1,1
	50	1,3
1000	1,5; 2,5	0,8
	4; 6; 10; 16	1,0
	25; 35	1,2
	50	1,4
	70	1,4
	95	1,6
	120	1,6
	150	1,8
	185	2,0
	240	2,2

(0,1+ 0,1 δ_o) оқшаулаудың номинал қалыңдығынан төменгі шектік ауытқу, онда δ_o – оқшаулаудың номинал қалыңдығы. Жоғарғы шектік ауытқуды нормаламайды.

Тарамдарды оқшаулау экструзияланған болуы, тарамдарға тығыз қабысуы қажет, бөтен қосылусыз болуы керек. Тарамдарды оқшаулаудың сыртқы бетінде оқшаулау қалыңдығын шекті ауытқудан тыс ететін жапырылулар, көпіршіктер және жарықшақтар болмауы қажет.

Отқа төзімді кабельдерді оқшаулау шақпақ тастан тұратын таспалардан жасалған термиялық бөгеттің үстінен салынуы қажет.

5.3.2.3 Кабельдердің оқшауланған тарамдары ерекше түсті болуы керек.

Оқшауланған тарамдарды сандық немесе түсті таңбалауға жол беріледі.

Түс жаппай (толық) немесе екі бойлық жолақтар түрінде болуы тиіс. Жолақтар диаметрлі орналасуы және кез келген жағынан шолу кезінде

тарамның сәйкестендірілуін қамтамасыз етуі қажет. Тарамдар саны 5-ке дейінгі (қоса алғанда) көп тарамды кабельдерінің тарамдарын оқшаулау түсі 4-кестеге сәйкес болуы қажет, тарамдар саны артқан сайын тарамдарды таңбалау сандық болуы тиіс. Сандармен таңбалауды, нөлден бастап, өрнектеу немесе басып шығару жолымен жүргізеді. Сандық таңбалау кезінде сандардың түсі тарамдарды оқшаулау түсінен ерекшеленуі тиіс. Сандардың биіктігі – 4,0 мм кем емес. Сандар арасындағы қашықтық 50 мм артық болмауы керек.

4-кесте

Кабельдегі тарамдар саны, дана	Тарамды оқшаулау түсі				
	Тарамның реттік нөмірі				
	1	2	3	4	5
2	Қоңыр	Көк	-	-	-
3	Сұр	Қоңыр	Қара	-	-
	Қоңыр	Көк	Жасыл-сары	-	-
4	Сұр	Қоңыр	Қара	Көк	-
	Сұр	Қоңыр	Қара	Жасыл-сары	-
5	Сұр	Қоңыр	Қара	Көк	Жасыл-сары
	Сұр	Қоңыр	Қара	Көк	Қара

Тапсырыс берушімен келісім бойынша негізгі тарамдарды оқшаулаудың басқа түстер үйлесіміне жол беріледі.

Бір тарамды кабельдерді оқшаулау тапсырыс берушімен келісім бойынша 4-кестеде көрсетілген кез келген түсті болуы мүмкін.

Нөлдік тарамды (N) оқшаулау көк түсті болуы тиіс.

Жерге қосу тарамын (PE) оқшаулау екі түсті (жасыл-сары) болуы керек, сонымен бірге түстердің біреуі кем дегенде 30% және 70% артық емес оқшаулау бетін, ал екіншісі – қалған бөлікті жабуы керек.

5.3.2.4 Оқшауланған тарамдар концентрлік бұрамдармен шиыршықталуы тиіс.

Көп тарамды кабельдердің оқшауланған тарамдары өзекке әр тарапқа мынадай бұрау қадамымен (артық емес) шиыршықталуы тиіс: КГ үшін – 20 $D_{ск}$, КПГ үшін – 16 $D_{ск,}$ онда $D_{ск}$- шиыршықталған тарамдар бойынша сипатталған айнала диаметрі, миллиметрмен көрсетілген.

Кабельге дөңгелек пішінді беру үшін оқшауланған тарамдар арасындағы ішкі және сыртқы аралықтар толтырылған болуы тиіс.

Ішкі аралық гигроскопиялық емес талшықты немесе полимер материалдан жасалған ширақпен (кордельмен) немесе полимер композициядан престелген ширақпен толтырылуы тиіс.

Оқшауланған тарамдар арасындағы сыртқы аралықтарды толтыру ішкі экструзияланған қаптама салумен бір уақытта жүзеге асырылуы мүмкін. Кабельдерде сыртқы аралықтарды жалғаушы таспа салып гигроскопиялық

емес талшықты немесе полимер материалдан жасалған ширақтармен толтыруға жол беріледі.

Номинал қимасы 16 мм^2 дейінгі (қоса алғанда) оқшауланған тарамдар олар арасындағы ішкі аралықты толтырмай шиыршықталуы мүмкін. Номинал қимасы 16 мм^2 дейінгі (қоса алғанда) сауытталмаған кабельдердің оқшауланған тарамдары арасындағы сыртқы аралықтар кабельдің дөңгелек пішінін қамтамасыз ету жағдайында сыртқы қаптаманы салумен бір уақытта жүзеге асырылуы мүмкін. мұндай жағдайда ішкі экструзияланған қаптаманы төсемейді.

Кабельдердің шиыршықталған тарамдарының үстінен полиэтилентерефталатты үлдір төселуі тиіс. Отқа төзімді кабельдер үшін полиэтилентерефталатты үлдірге шақпақ тастан тұратын таспа салынуы қажет.

Кабельдерді бөлген кезде қаптаманы оқшаулаудан еркін бөлу және қозғалмалылығын сақтау жағдайында шиыршықталған тарамдар бойынша үлдірмен ораусыз кабельдерді дайындауға жол беріледі.

5.3.3 Ішкі қаптама

5.3.3.1 Материал

Ішкі қаптама ГОСТ 5960 бойынша поливинилхлоридті пластикаттан немесе В қосымшасы бойынша өрт қауіптілігі төмен поливинилхлоридті пластикаттан жасалуы керек.

Орауыш ГОСТ 16272 бойынша пластмасса үлдірден немесе ГОСТ 24234 бойынша үлдірден немесе басқа тең бағалы материалдан жасалуы қажет.

Ішкі қаптамаға арналған полимерлік композиция сыртқы қаптама және оқшаулау материалдарымен үйлесімді болуы тиіс. Полимерлік композиция жарылған кездегі беріктік 10 Н/мм^2 кем, жарылыс кезіндегі салыстырмалы ұзару - 100% кем болмауы тиіс.

5.3.3.2 Құрастырылым

Ішкі қаптама оқшаулаумен дәнекерленбеуі қажет және кабельді бөлген кезде оқшаулауды зақымдамай бөлінуі тиіс.

Кабельдердің ішкі ораулары бойынша пластмасса үлдірмен орауға болады.

Сауытталмаған кабельдерде экструзияланған ішкі қаптаманың орнына кабельдің өзегін сыртқы қаптама және оқшаулау материалдарымен үйлесімді материалдан жасалған таспалардың қабатымен орауға жол беріледі.

Экструзияланған ішкі қаптама қалыңдығының болжамды мәні 5-кестеге сәйкес.

5-кесте

$D_{бұр}$ оқшауланған тарамдарды бұрау бойынша диаметр, мм	Экструзияланған ішкі қаптама қалыңдығының жобалық мәні, мм
25 дейін (қоса алғанда)	1,0
25 жоғ. « 35 «	1,2
« 35 « 45 «	1,4
« 45 « 60 «	1,6
« 60 « 80 «	1,8
« 80	2,0

Экструзияланған ішкі қаптаманың қалыңдығы 5-кестеде көрсетілген мәндердің 50% кем болмауы қажет.

КГВВЭ, КГВВЭнг, КГВЭВ, КГВЭВнг-LS, КГВЭВнг-FRLS маркалы кабельдерде ішкі қаптаманың немесе көп тарамды кабельдердің өзегін таспалармен ораудың үстінен немесе бір тарамды кабельдердің оқшаулауы үстінен экран салынуы тиіс.

КГВБбВ, КГВБбВнг-LS, КГВБбВнг-FRLS маркалы кабельдерде ішкі қаптаманың үстінен сауыт салынуы қажет.

5.3.4 Экран, сауыт

5.3.4.1 Материал

КГВВЭ, КГВВЭнг маркалы кабельдер үшін экран ГОСТ 618 бойынша алюминий жұқалтырдан немесе таспадан жасалуы қажет. Алюмополимерлі таспаны қолдануға жол беріледі (алюминий жұқалтыр - ГОСТ 618 бойынша, полиэтилен үлдірмен – ГОСТ 10354 бойынша).

КГВЭВ, КГВЭВнг-LS, КГВЭВнг-FRLS маркалы кабельдер үшін экран ГОСТ 1173 бойынша мыс таспалардан немесе мыс сымдардан жасалуы қажет.

Сауыт ГОСТ 3559 бойынша болат мырышталған таспадан жасалуы қажет.

5.3.4.2 Құрастырылым

Қалыңдығы 0,10 мм бастап 0,15 мм дейінгі алюминий жұқалтырдан немесе таспадан жасалған экранды 15% кем емес жабумен салады. Экранның астына номинал диаметрі 0,4 мм - 0,6 мм байланысты мыс сым төселуі қажет.

Алюминий қабатының қалыңдығы 0,02 мм кем емес алюмополимер таспаның экраны кабельге металын ішіне қаратып салынады.

Қалыңдығы 0,10 мм бастап 0,20 мм дейінгі мыс таспалардан жасалған экранды 15% кем емес жабумен салады.

Қалыңдығы 0,06 мм бастап 0,3 мм дейінгі мыс сымнан жасалған экран 30^0 бастап 45^0 дейінгі бұрышпен 75% тығыздықпен саңылаулап төсейді.

Сауыттың екі таспасы саңылаулы спираль бойынша жоғарғы таспа төменгі таспаның орамдары арасындағы саңылауды жабатындай етіп салынуы тиіс. Сонымен қоса, әр таспаның орамдары арасындағы саңылау таспа енінің 50% аспауы керек.

Сауыт таспаларының номинал қалыңдығы 6-кестеде көрсетілгенге сай болуы тиіс.

6-кесте

Сауыт астындағы кабельдің есептік диаметрі, мм	Болат мырышталған таспаның номинал қалыңдығы, мм
10 дейін (қоса алғанда)	0,3
16; 25; 35; 50	0,5
50 жоғары	0,8

Сауыт астындағы есептік диаметрі 45 мм дейінгі (қоса алғанда) кабельдерді сауыттау үшін номинал қалыңдығы 0,3 мм сауыттың болат мырышталған таспаларын қолдануға жол беріледі.

Электр желілерінде айнымалы кернеуді пайдалануға арналған бір тарамды кабельдерді сауыттау үшін болат таспаларын қолдануға жол берілмейді.

Ішкі қаптаманың немесе өзекті таспалармен орауыштың үстінен немесе сауытталмаған кабельдерге арналған экранның үстінен немесе сауыттың үстінен экструзиямен сыртқы қаптама салынуы тиіс.

5.3.5 Сыртқы қаптама

5.3.5.1 Материал

Қаптама ГОСТ 5960 бойынша поливинилхлоридті пластикаттан немесе В қосымшасы бойынша өрт қауіптілігі төмен поливинилхлоридті пластикаттан немесе жанғыштығы төмен поливинилхлоридті пластикаттан жасалуы керек.

5.3.5.2 Құрастырылым

Сыртқы қаптаманың номинал қалыңдығы ГОСТ 23286 бойынша Обп-2 санатына сәйкес келуі тиіс.

(0,1+ 0,15 δ_o) қаптаманың номинал қалыңдығынан төменгі шектік ауытқу, онда δ_o – қаптаманың номинал қалыңдығы, миллиметрмен көрсетіледі. Жоғарғы шектік ауытқуды нормаламайды.

КГВБбВ, КГВБбВнг-LS, КГВБбВнг-FRLS маркалы кабельдер қаптамасының номинал қалыңдығы Г қосымшасына сәйкес.

Сыртқы қаптама экструзияланған болуы, бөтен қосылусыз болуы керек. Сыртқы қаптаманың сыртқы бетінде қаптаманың қалыңдығын минималды

мәннен тыс ететін жапырылулар, көпіршіктер және жарықшақтар болмауы қажет.

5.3.6 Құрылыс ұзындығы

Кабельдің құрылыс ұзындығы 150 м кем болмауы керек.

Партияда ұзындығы 20 м кем емес кабель кесінділерінің 15% жол беріледі, соның ішінде ұзындығы 20 м бастап 50 м дейінгі кабель кесінділері 5% артық емес.

Тұтынушымен келісім бойынша кабельді кез келген ұзындықта жеткізуге рұқсат етіледі.

5.4 Электр параметрлеріне қойылатын талаптар

5.4.1 Ұзындығы 1 км кабельге және 20 °С температураға есептелген токөткізгіш тарамдардың электр кедергісі ГОСТ 22483 сәйкес болуы қажет.

5.4.2 1 км ұзындыққа есептелген, 20 °С температурадағы тарамды оқшаулаудың электр кедергісі 7-кестеге сай болуы керек.

7-кесте

Тарамның номинал қимасы, мм²	Оқшаулаудың электр кедергісі, МОм, кем емес
0,5 - 1,5	12
2,5 - 4	10
6	9
10 - 240	7

5.4.3 Токөткізгіш тарамдарды ұзақ рұқсат етілетін температурада қыздырған кездегі оқшаулаудың шектік көлемді электр кедергісі мынадай болуы керек: поливинилхлоридті пластикаттан, өрт қауіптілігі төмен поливинилхлоридті пластикаттан жасалған оқшаулау үшін - $1 \cdot 10^{10}$ Ом·см кем емес.

Токөткізгіш тарамдарды ұзақ рұқсат етілетін температурада қыздырған кездегі K_i оқшаулаудың электр кедергісінің тұрақтысы мынадай болуы керек: поливинилхлоридті пластикаттан, өрт қауіптілігі төмен поливинилхлоридті пластикаттан жасалған оқшаулау үшін - 0,037 МОм·км кем емес.

5.4.4 Кабельдердің оқшауланған тарамдары және экрандалған кабельдердің сыртқы қаптамалары ГОСТ 23286 сәйкес ЭИ-2 санаты бойынша айнымалы кернеудің әсеріне шыдауы қажет.

5.4.5 660 В номинал кернеулі кабельдер 10 мин бойы 50 Гц жиілікті 3000 В айнымалы кернеудің немесе 7200 В тұрақты кернеудің әсеріне шыдауы керек.

1000 В номинал кернеулі кабельдер 10 мин бойы 50 Гц жиілікті 4000 В айнымалы кернеудің немесе 8400 В тұрақты кернеудің әсеріне шыдауы керек.

5.5 Механикалық әсерлерге төзімділік талаптары

5.5.1 Кабельдер иілуге төзімді болуы тиіс.

5.5.2 Білікті шиыршықтаумен көп еселік иілу жағдайларында жұмыс істеуге арналған кабельдер оларға төзімді болуы қажет – ГОСТ 12182.3 бойынша.

Қиыршықтау бұрышының рұқсат етілетін ауытқуы ±10% аспауы қажет.

5.5.3 Негізгі тарамдарының номинал қимасы 4 мм^2 дейінгі (қоса алғанда) және тарамдар саны екіден бастап беске дейінгі кабельдер роликтер жүйесі арқылы көп еселік иілуге төзімді болуы тиіс - ГОСТ 12182.1 бойынша.

Циклдар саны –30000 кем емес.

5.6 Сыртқы әсер ететін факторларға қойылатын төзімділік талаптары

5.6.1 Кабельдер қоршаған ортаның 50ºС дейінгі жоғары температурасының әсеріне төзімді болуы қажет.

5.6.2 Кабельдер қоршаған ортаның минус 50ºС дейінгі төмен температурасының әсеріне төзімді болуы қажет.

5.6.3 Кабельдер 35°С температура кезінде 98% жоғары ылғалдылыққа төзімді болуы тиіс.

5.7 Сенімділік талаптары

5.7.1 Кабельдердің қызмет ету мерзімі 12 жыл болуы керек.

5.8 Таңбалауға қойылатын талаптар

5.8.1 Кабельдердің таңбалануы талаптарға [1] және ГОСТ 18690 сәйкес болуы тиіс.

5.8.2 Кабельдерде сыртқы қаптаманың бетіне түсірілген жазу түріндегі таңбалау болуы керек.

Жазу кабельдің маркасын, дайындаушы-кәсіпорынның атауын, кабель шығарылған жылды қамтуы қажет.

Таңбалау мазмұнында қосымша ақпаратты, мысалы тарамдар саны мен қимасын, номинал кернеуін, ұзындығын, дайындаушы-кәсіпорынның кодпен белгіленуін көрсетуге жол беріледі.

5.8.3 Жазу түріндегі таңбалау баспа тәсілімен немесе бедерлі түрде жасалуы мүмкін және біркелкі қашықтықтардан кейін жазылуы тиіс. Бір жазбаның соңы мен келесі жазбаның басы арасындағы аралық 1000 мм аспауы керек.

Баспа тәсілімен жасалған сандардың (әріптердің) түсі сырты қаптаманың түсіне қарағанда кереғар болуы тиіс.

Баспа тәсілімен түсірілген таңбалау анық әрі берік болуы керек.

5.8.4 Барабанның бетінде немесе барабанға немесе орамға бекітілген құлақшада:

- дайындаушы-кәсіпорынның аталуы;
- дайындаушы-кәсіпорынның тауарлық белгісі;
- дайындаушы-кәсіпорынның заңдық мекенжайы;
- кабельдің шартты белгіленуі;
- соған сәйкес кабель дайындалған нормативтік құжаттың аталуы (белгіленуі);
- партияның зауыттық нөмірі, дайындалған айы және жылы;
- кабельдің метрмен көрсетілген ұзындығы және кесінділер саны;
- кабельдің килограммен көрсетілген салмағы;
- «Қазақстан Республикасында жасалған» деген жазу;
- қызмет ету мерзімі көрсетілуі қажет.

5.9 Орауышқа қойылатын талаптар

5.9.1 Кабельдерді орау [2] талаптарына және ГОСТ 18690 сәйкес болуы қажет.

5.9.2 Кабельдер барабандарға оралған болуы тиіс. Номинал қимасы 16 мм^2 (қоса алғанда) дейінгі тарамды кабельдерді орамдарға орауға жол беріледі.

Орамның салмағы 50 кг аспауы тиіс.

Барабан мойнының диаметрі 7.4-те көрсетілген цилиндрлердің диаметрлерінен кем болмауы тиіс. Бір тарамды кабельдер үшін барабан мойнының 18 ($D_н$ + d) кем емес диаметрге жол беріледі (онда $D_н$ – кабельдің нақты сырткы диаметрі, мм; d – дөңгелек токөткізгіш тарамның нақты диаметрі немесе бойлық қимасының ауданы секторлық тарамдыкіндей, дөңгелек пішінді тарамның диаметрі, мм). Орамның ішкі диаметрі 15 $D_н$ кем болмауы тиіс.

Сынақтар үшін барабанның бетіне шығарылған кабельдің төменгі ұшының ұзындығы 0,1 м кем болмауы тиіс.

5.9.3 Кабелы бар барабан толық немесе ішінара қаптамалы болуы немесе маттармен оралуы қажет – ГОСТ 5151 бойынша. Автомобильмен жөнелтілімдер кезінде барабандарды қаптамау немесе тыстамау рұқсат етіледі.

5.9.4 Құлақша және ілеспе құжаттама су өтпейтін қаптамаға салынуы және барабанның бетіне немесе орамға бекітілуі қажет.

5.10 Қауіпсіздік талаптары

5.10.1 Кабельдің қауіпсіздік талаптары және ГОСТ 12.2.007.0 бойынша адамның электр тогымен зақымдану әдісі бойынша кластар.

5.10.2 ГОСТ 12.2.007.14 бойынша құрастырылымға орнатылатын бұйымның қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

5.10.3 Кабель өндірген кезде ГОСТ 12.3.008 бойынша қауіпсіздік техникасының талаптары орындалуы қажет.

5.10.4 ГОСТ 12.4.011 және ГОСТ 12.4.103 бойынша жұмыс істейтіндерді қорғау құралдарына қойылатын қауіпсіздік талаптары.

5.10.5 ГОСТ 12.1.005 бойынша жұмыс аймағының ауасына қойылатын қауіпсіздік талаптары.

5.10.6 ГОСТ 17.2.3.02 бойынша зиянды лақтырындылардың нормасына қойылатын талаптар.

5.11 Өрт қауіпсіздігі талаптары

5.11.1 Сыртқы қаптамасы поливинилхлоридті пластикаттан жасалған кабельдер жеке төселген кезде жануды таратпауы қажет.

5.11.2 «нг», «нг-LS» және «нг-FRLS» орындалатын кабельдер топтап төсеген кезде жануды таратпауы қажет.

5.11.3 «нг-LS» және «нг-FRLS» орындалатын кабельдер жану және тұтану кезінде төмен түтін және газ бөліністі болуы керек.

5.11.4 «нг-FRLS» орындалатын кабельдердің отқа төзімділігі: 90 мин.

5.11.5 «нг-LS», «нг-FRLS» орындалатын кабельдердің ішкі және сыртқы қаптамаларына арналған полимерлік материалдардың жану өнімдерінің уыттылық көрсеткішінің мәні 40 г/м^3 артық болмауы тиіс.

5.11.6 [3] және ГОСТ 12.1.004 бойынша өндірістік орын-жайлардағы жалпы өрт қауіпсіздігі талаптары.

6 Қабылдау ережесі

6.1 Жалпы талаптар

Кабельдерді қабылдау ережесі ГОСТ 15.309 және осы стандарттың талаптарына сай болуы керек.

6.2 Сынақ санаттары

Кабельдердің осы стандарттың талаптарына сайлығын тексеру үшін келесі сынақ санаттарын белгілейді:

- қабылдау-тапсыру;
- мерзімді;
- үлгілік.

6.3 Қабылдау-тапсыру сынақтары

6.3.1 Кабельдерді қабылдауға партиялармен ұсынады. Партия деп бір уақытта 30 км аспайтын мөлшерде қабылдауға ұсынылатын бір маркалы, бір өлшемді кабельдерді айтады.

Егер бақыланатын параметрлерді тексеру әдістемесінде өзгеше көзделмесе, ГОСТ 15150 бойынша кабельдерді дайындағаннан кейін қабылдауға ұсынғанға дейін қалыпты климаттық жағдайларда ұстау уақыты 16 сағаттан кем болмауы керек.

6.3.2 Сынақтар құрамы, сынақтар құрамын топтарға бөлу 8-кестеде көрсетілгенге сай болуы керек.

8-кесте

Сынақтар тобы	Сынақ немесе тексеріс түрлері	Тармақ	
		техникалық талаптар	сынақ әдістері
С-1	Құрастырылымды және конструктивтік өлшемдерді тексеру	5.2-5.3	7.2.1
С-2	Токөткізгіш тарамдардың электр кедергісін тексеру	5.4.1	7.3.1
С-3	20°С оқшаулаудың электр кедергісін тексеру	5.4.2	7.3.2
С-4	Кернеумен сынау	5.4.4; 5.4.5	7.3.4
С-5	Таңбалануы мен оралуын тексеру	5.8; 5.9	7.7.1

6.3.3 С1 - С5 топтары үшін сынақтарды қабылдау саны С = 0 жаппай бақылау жоспары бойынша өткізеді. Егер тапсырылатын партия үш құрылыс ұзындығынан кем болса, үш құрылыс ұзындығынан кем іріктеп алу көлемі рұқсат етіледі. Қабылдау-тапсыру нәтижелерінің теріс нәтижелерін алған кезде, шешімді ГОСТ 15.309 бойынша қабылдайды (6-бөлімді қараңыз).

6.3.4 5.3.2.4 (оқшауланған тарамдарды шиыршықтау қадамын тексеру бөлігінде), 5.3.6 және 5.4.4 бойынша тексеруді өндіріс процесінде өткізеді.

6.4 Мерзімді сынақтар

6.4.1 Қабылдау-тапсыру сынақтарынан өткен кабельдерде 6 айда бір рет өткізілетін токөткізгіш тарамдардың ұзақ уақыт рұқсат етілетін температурада оқшаулаудың тұрақты электр кедергісін және шектік көлемді электр кедергісін тексеруді қоспағанда, мерзімді сынақтарды жылына бір реттен сирек емес өткізеді. Сынақтар құрамы мен сынақтарды топтарға бөлу 9-кестеде көрсетілгенге сәйкес болуы керек.

9-кесте

Сынақтар тобы	Сынақ немесе тексеріс түрлері	Тармақ	
		техникалық талаптар	сынақ әдістері
П-1	Шектік көлемді электр кедергісін және оқшаулаудың электр кедергісінің тұрақтысын тексеру	5.4.3	7.3.3
П-2	Механикалық әсерлерге төзімділігін тексеру	5.5	7.4
П-3	Сыртқы әсер ететін факторларға төзімділігін тексеру	5.6.1-5.6.3	7.5
П-4	Сенімділікті тексеру	5.7	7.6
П-5	Таңбалану беріктігін тексеру	5.3.2.3; 5.8.3	7.7.2
П-6	Жанудың таралмауын тексеру	5.11.1; 5.11.2	7.8.1; 7.8.2
П-7	Түтін түзілуін тексеру	5.11.3	7.8.3
П-8	Отқа төзімділігін тексеру	5.11.4	7.8.4
П-9	Уыттылық көрсеткішін тексеру	5.11.5	7.8.5

6.4.2 Сынақтарды бірінші іріктеу үшін қабылдау саны С-1 = 0 және бракталу саны С-2 = 2 үлгілерде, және жиынтық (n_1 және n_2) іріктеу үшін қабылдау саны С-3 = 1 үлгілерде $n_1 = n_2 = 3$ іріктеуде таңдаулы екі сатылы бақылау жоспары бойынша жүргізеді.

Іріктеп алуға кездейсоқ іріктеу әдісімен әр түрлі құрылыс ұзындықтарынан алынған, соңғы қабылданған партияның немесе ағымдағы шығарылымның партиясының кабельдері үлгілерін қамтиды.

Екінші іріктеп алу сынақтарының қанағаттанарлықсыз нәтижесін алған кезде, кабельдерді қабылдауды тоқтатады. Ақаулардың себептерін жойған соң және екі еселенген іріктеп алуда мерзімді сынақтарының қанағаттанарлық нәтижелерді алғаннан кейін, қабылдауды жаңартады.

6.4.3 Сынақ топтары бойынша сынауды дербес іріктеп алуда жүргізеді.

6.5 Үлгілік сынақтар

Үлгілік сынақтарды кабельдердің құрастырылымын өзгерткен, материалдарды ауыстыру кезінде немесе белгіленген тәртіпте бекітілген бағдарлама бойынша технологиялық процестер өзгерген кезде жүргізеді. Хаттамамен және актімен рәсімделген сынақтардың нәтижелері бойынша, техникалық құжаттамаға өзгерістер енгізу дұрыстығы туралы шешім қабылдайды.

7 Бақылау әдістері

7.1 Жалпы талаптар

7.1.1 Кабельдерді сынауды ГОСТ 15150 бойынша қалыпты жағдайларда өткізеді, атап айтқанда:

- қоршаған ауаның температурасы, °С ……25 ± 10;
- ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, % ……45-тен бастап 80-ге дейін;
- атмосфералық қысым, кПа (мм сынап бағанасы)..84,0-ден бастап 106,7-ге дейін (630-дан бастап 800-ге дейін).

7.1.2 Сынақтар кезінде қолданылатын өлшеу құралдары салыстырып тексерілуі, ал сынақ жабдығы аттестатталған болуы тиіс.

7.1.3 Өлшеу құралдарының және сынақ жабдығының төлқұжаты немесе оны алмастыратын пайдалану құжаттары болуы керек.

7.2 Құрастырылымдарды және конструктивті өлшемдерді тексеру

7.2.1 5.3 бойынша құрастырылымдарды және конструктивті өлшемдерді ГОСТ 12177 бойынша өлшемдермен және ұзындығы 600 мм кем емес кабельдің ұштарын бөлген кезде сырттай бақылап тексереді.

7.3 Электрлік параметрлерді тексеру

7.3.1 5.4.1. бойынша токөткізгіш тарамның электрлік кедергісін тексеруді ГОСТ 7229 бойынша жүргізеді.

Электр кедергісін өлшеуді кабельдің әр құрылыс ұзындығының барлық токөткізгіш тарамдарында жүргізеді.

Өлшеуді сынау кабельді орын-жайында 12 сағаттан кем емес ұстағаннан кейін өткізеді. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда, сынақтар кезінде кабельді сынақ орын-жайында өлшеу басталғанға дейін ұстау уақыты 24 сағаттан кем болмауы тиіс.

Егер токөткізгіш желінің электрлік кедергісін сынау кезінде ГОСТ 22483 бойынша белгіленген мәннен артық болмаса, тексерістің нәтижесі оң болып есептеледі.

7.3.2 5.4.2 бойынша оқшаулаудың электрлік кедергісін тексеруді ГОСТ 3345 бойынша жүргізеді. Сауытталмаған және экрандалмаған бір тарамды кабельдерінің электр кедергісін өлшеуді қоршаған ортаның температурасы кезінде суға салынған, ұзындығы 10 м кем емес оқшауланған тарамдардың үлгілерінде жүргізеді. Өлшеудің алдында суда ұстау уақыты 1 сағаттан кем болмауы қажет.

Егер электрлік кедергісін сынау кезінде 5.4.2-де белгіленген мәннен кем болмаса, тексерістің нәтижесі оң болып есептеледі.

7.3.3 Шектік ауытқулары ± 2 °С токөткізгіш тарамдардың ұзақ уақыт қыздыруға рұқсат етілетін температураға тең температурадағы суға салынған, ұзындығы 10 м кем емес оқшауланған тарамдардың үлгілерінде 5.4.3 бойынша токөткізгіш тарамдардың ұзақ уақыт қыздыруға рұқсат етілетін температурада оқшаулаудың тұрақты электр кедергісін және шектік көлемді электр кедергісін тексеруді ГОСТ 3345 бойынша өткізеді. Үлгілерді өлшеу алдында суда ұстау уақыты 1 сағаттан кем болмауы тиіс.

Шектік көлемді электр кедергісін ρ, Ом·см, (1) Формула бойынша оқшаулаудың электр кедергісінің өлшенген мәніне сүйене отырып шығарады:

$$\rho = \frac{2\pi Rl}{\ln(Dld)} \qquad (1)$$

Тұрақты электр кедергісін K_i, МОм·км, (2) Формула бойынша шығарады:

$$K_i = \frac{lR10^{11}}{\lg(Dld)} \qquad (2)$$

онда R – оқшаулаудың электр кедергісінің өлшенген мәні, Ом;

l – кабельдің құрылыс ұзындығы немесе үлгінің ұзындығы, см;

D – оқшауланған тарамның нақты сыртқы диаметрі, мм;

d – токөткізгіш тарамның нақты диаметрі, мм.

